ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 шілде №2301-25-00-2/1057 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Багила Жайылкановна Абиева»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері П.Ж.Жәрдемова, Д.Ихсанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 26 наурызда «өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» қорытынды хаттамасы негізінде жеңімпаз болып танылған ЖК «Багила Жайылкановна Абиевамен» мемлекеттік сатып алу туралы №96 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Ленталық, ені 16 мм 1 дана араны» жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 27 000 теңге. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – 16 күн ішінде.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, тауар жауапкермен жеткізілмегенін, одан басқа жауапкермен шарттың 3.1 тармағына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 1 350 теңгеге тең бес пайызы мөлшеріндегі соманың төленбегенін, сондықтан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 26 наурызда «өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» қорытынды хаттамасы негізінде жеңімпаз болып танылған ЖК «Багила Жайылкановна Абиевамен» мемлекеттік сатып алу туралы №96 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 16 күн ішінде.

Сот отырысында, талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы уәкілетті органға №246039 өтінішпен жүгінгені анықталған, алайда уәкілетті органмен жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізуден, «мемлекеттік сатып алуға бір көзден сатып алу» қорытынды хаттамасы негізінде жасақталған шарт болғандықтан қанағаттандырылудан бас тартылған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 1 350 теңге төленбегенін, тауар жеткізілмегенін, орындаусыз қалғанын, шарт 2025 жылғы 14 сәуірде бұзылғанын, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 21.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2025, судья Дәурешова О. Ш., 27.08.2025
2301-25-3-1/1176

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Багила Жайылкановна Абиеваны» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Багила Жайылкановна Абиева» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Багила Жайылкановна Абиевадан» мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.08.2025, судья Даурешова О. Ш., 27.08.2025